- ❖ қысқа және ұзақ мерзімде іске асырылатын тақырыптық жобаларды жоспарлау арқылы тәрбие жұмысының жүйелілігін, бірізділігін, тұтастығын қамтамасыз ету;
- ❖ халық ауыз әдебиеті үлгілері, көркем шығармалар тәрбиелік шаралар мен жобалардың мазмұнын қамтамасыз ететін дереккөзі ретінде қолдану;
- ❖ бастауыш сынып білім алушыларының мінез-құлық әдебі мен өзін-өзі ұстау мәдениетін қалыптастырудың құралдарының бірі ретінде қазақ халқының мақал-мәтелдерін, тыйым сөздерін қолдану;
- ❖ ұлттық ойындарды («Асық ату» өткізу, Хан талапай, Арқан тартыс, Алтыбақан, Айгөлек, Белдесу, Саққұлақ, Тымпи, Тоғызқұмалақ т.б.) баланың физикалық, зияткерлік тұрғыдан дамуына ықпал ететін құралдардың бірі ретінде қолдану арқылы оның қолданыс аясын кеңейту;
- ❖ әлеуметтік тәжірибелер арқылы адамдарға, жан-жануарларға қамқорлық және табиғатты қорғау аясында жасалған қайырымдылық іс-шараларына тарту, оларды әлеуметтік желілерде насихаттау ұсынылады.

Жасөспірімнің тәрбиесі (11-15 жас)

Ұсынылады:

- ❖ тәрбие шаралары мен жобаларының мазмұнын, форматын, көркемдік стилін, ұсынылу тәртібін анықтауда жасөспірімдік кезеңдегі балалардың психологиялық ерекшелігін, қызығушылығын назарға алып, цифрлық технологиялардың жетістіктерін ескеру;
- ❖ жас ерекшеліктеріне сай келетін классикалық көркем шығармалар мен көркем әдебиеттерді ұсыну;
- ❖ оқылған шығарма кейіпкерлерінің бойындағы адами қасиеттері мен жағымсыз әдеттерін талқылауға бағытталған кейстік жағдаяттарды шешуді ұсыну;
- ❖ еліміздегі тарихи орындарға, ескерткіштерге экскурсия жасау, ел мен жер тарихы туралы деректермен танысу, театрға, музейлерге, мұрағаттарға, ұлттық парктер мен қорықтарға бару, виртуалды саяхаттар жасау немесе/және цифрлық технологиялардың жетістіктерін қолданып таныстыру;
- ❖ ақын-жыраулар және ұлт зиялыларының, батырлардың, тарихи тұлғалар мен қоғам қайраткерлерінің өмір жолдарымен, олардан мирас болып жеткен мұралармен таныстыру;
- ❖ тарихи, деректі фильмдерді талдау;
- ❖ білім алушылардың мәдени және ұлттық мұраны насихаттау бойынша бастамаларына қолдау көрсету;
- ❖ табиғатты қорғау, адамның әрекеттерінен туындайтын апаттардың алдын алу бойынша жобалар әзірлеу;
- ❖ жобаларды жүзеге асыруға отбасын әлеуметтік әріптестікке тарту;
- ❖ «Гаджетсіз демалыс» күндерін ұйымдастыру, кітап оқу, спортпен шұғылдану, табиғат аясында серуендеу т.б. шаралар ұйымдастыру ұсынылады.

Жастар тәрбиесі (15-18 жас)

Ұсынылады:

- ❖ жастар тәрбиесі ел мен жер тұтастығын, ел тәуелсіздігін қадірлеуге, ар-ұят, намысты жоғары ұстауға, адал еңбекпен қызмет етуге, қоғам игілігі үшін азаматтық белсенділік танытуға, жауапкершілікті саналы түсінуге, салауаттық, зияткерлік құндылықтарына негізделген тәрбиеге басымдық берілуі тиіс;
- ❖ ел болашағы үшін маңызды буын екендіктерін сезінуіне, отбасы алдындағы парызын, Отан алдындағы борышын өтеуге белсенділігін арттыруға бағытталған әлеуметтік тәжірибелер мен жобаларға жастарды тарту;
- ❖ ұлттың тарихи сана-сезімін жаңғыртудың маңыздылығы, тарихи төл шежіресін дәріптеуге айырықша мән бере отырып, халқымыздың ата-бабадан мирас болып қалған мұрасын дәріптеу, ұлттың кодын сақтауда жастардың бойындағы рухты ояту, отаншылдық пен мемлекетшілдік сезімдерін арттыруға бағытталған шаралар ұйымдастыру;
- ❖ отбасы құндылықтарын дәріптеуге, отбасын құруға жауапкершілікті түсіндіруге бағытталған іс-шараларға тарту;
- ❖ адал еңбекті жоғары бағалауға, еңбек адамын құрметтеуге бағытталған іс-шараларға тарту, кәсіптік бағдарын дұрыс анықтауға қолдау көрсету ұсынылады.

Білім беру ұйымдары мен педагогтың міндеті:

- ❖ балаларды заңға, адамның және азаматтың құқықтарына, бостандықтарына, ата-анасына, үлкендерге, отбасылық, тарихи және мәдени құндылықтарға, мемлекеттік рәміздерге құрмет көрсету, жоғары имандылық, патриоттық, қоршаған ортаға ұқыпты қарау рухында тәрбиелеуге;
- ❖ білім алушылар мен тәрбиеленушілердің өмірлік дағдыларын, құзыреттерін, өздігінен жұмыс істеуін, шығармашылық қабілеттерін дамытуға және саламатты өмір салты мәдениетін қалыптастыруға.

Сынып жетекшілердің міндеттері:

- ✓ салауатты өмір салтына ынталандыру;
- ✓ сыныпта достық ортаны, өзара түсіністікті құру;
- ✓ білім алушылардың басқаларға деген жауапкершілігін, ұжымда жұмыс істей білуге баулу;
- ✓ ата-аналар жиналысын өткізу (педагогикалық консилиумдар, тренингтер, әңгімелер, ата-аналарға (басқа да заңды өкілдерге) арналған консультациялар);

Ұсыным

- ✓ білім алушылардың оқу жетістіктері және ішкі тәртіп ережелерін сақтау мәселелері бойынша ата-аналармен өзара әрекеттесу;
- ✓ аптасына бір рет (белгіленген күні) сынып сағаттарын өткізу.

Жоспардың орындалуын бақылау мен басшылық жасау білім ұйымдарының бірінші басшыларына жүктеледі.

Орындалған іс-шараларды әлеуметтік желілерде жариялау, #Біртұтас_тәрбие хештегін тегтеу

Ескерту: Біртұтас тәрбие бағдарламасы шеңберінде тәрбиенің кешенді жоспарын іске асыруда ұсынылған мақсат, міндеттер мен мазмұнын сақтай отырып, өңірдегі жергілікті ерекшеліктерді ескеру маңызды.

Жоспарды іске асыруға жауапты мемлекеттік органдар:

Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі;
Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі;
Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі;
Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі;
Қазақстан Республикасының Жоғары білім және ғылым министрлігі;
Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігі;
Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі;
Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі;
Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігі;
Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі;
Қазақстан халқы Ассамблеясы Облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктері.

Тәрбие саласына қатысты қазақстандық және халықаралық мерекелер мен атаулы күндер:

- 10 тамыз - ҚР Үкіметінің қаулысымен Абай күні;
- 30 тамыз - ҚР Конституциясы күні;
- 1 қыркүйек - Білім күні;
- 10 қыркүйек - Отбасы күні;
- 15 –қыркүйек. Денсаулық фестивалі. (1 аптасы.)
- 15.09-19.09. Діни экстремизмнің алдын алу күні
- 22 қыркүйек – Қазақстан халықтары тілдері мерекесі күні;
- 1 қазан - Қарттар күні;
- 4 қазан - Ұстаздар күні;
- 25 қазан – Республика күні
- 30 қазан - Алкогольмен күрес күні;
- 28.10.- Еңбек күні.
- 15.10-15.11. Құқықтық тәрбие айлығы.
- 16.11-20.11. Мәңгілік Ел. ҚР Ассамблеясына 21 жыл
- 15 қараша - Ұлттық валюта күні;
- 02.11.-07.11. Зорлық-зомбылықтың алдын алу.
- 03.11- 03.12. Дүниежүзілік адам имундық тапшылық синдромымен күрес күні. СПИД-АИТВ алдын алу.
- 18.11. Рухани келісім күні.
- 20 қараша – Балалар құқығы туралы Конвенция күні;
- 10 желтоқсан - Адам құқығы күні;
- 16 желтоқсан - Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі күні;
- 26.12 - 30.12. – Жаңа жыл.
- 10.01-10.02. «Абайлаңдар, балалар!» айлығы

- 10.01.-20.01. Қылмыстың алдын алу күні.
- 18 қаңтар – Тұмаудың алдын алу күні;
- 10.02-10.03. «Өмірге Иә деп айт!» Республикалық ақпараттық науқан
- 15 ақпан – Салауатты өмір салты күні;
- 15 ақпан- Кеңес әскерінен Ауғанстаннан шығарылған күні.
- 23.02.-24.03. Туберкулездің алдын алу айлығы.
- 01.наурыз- Алғыс айту күні.
- 1 наурыз – Азаматтық қорғаныс күні;
- 8 наурыз - Халықаралық әйелдер күні;
- 22 Наурыз – Наурыз мерекесі;
- 2 сәуір – Халықаралық балалар кітабы күні;
- 7 сәуір - Дүниежүзілік денсаулық күні;
- 10 сәуір- Ескерткіштерді қорғау күні.
- 10 сәуір -21 сәуір аралығында «Қауіпсіз Интернет» атты Республикалық ақпараттық науқан
- 12 сәуір – Ғылымжәне Космонавтика күні;
- 10 сәуір мен 10 мамыр аралығы Патриоттық тәрбие айлығы. (Саяси қуғын- сүргін құрбандарын еске алу күні.)
- 1 мамыр- халықтар достығы және ынтымақтастығы күні;
- 7 мамыр - Отан қорғаушылар күні;
- 9 мамыр - Жеңіс күні;
- 15 мамыр – Халықаралық отбасы күні;
- 31 мамыр –Саяси қуғын сүргін құрбандарын еске алу күні.
- 1 маусым - Балаларды қорғау күні;
- 4 маусым – ҚР мемлекеттік рәміздер

I. Тәрбиені нормативтік құқықтық қамтамасыз ету

Негізі	○ Қазақстан Республикасының Конституциясы • «Бала құқығы туралы» БҰҰ Конвенциясы https://adilet.zan.kz/kaz/search/docs/; • Бала құқықтары туралы Конвенцияны ратификациялау туралы. ҚР Жоғарғы Кеңесінің 1994 жылғы 8 маусымдағы қаулысы. • Баланың құқықтарын қорғауды күшейту, тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл және жасөспірімдер арасында суицидтің көбеюі мәселелерін шешу жөніндегі 2020-2023 жылдарға арналған жол картасын бекіту туралы. ҚР Үкіметінің 2020 жылғы 30 наурыздағы №156 қаулысы • «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» ҚР Кодексі 2011 жылғы 26 желтоқсандағы №518-IV • 2030 жылға дейінгі ҚР отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасы • «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» ҚР Заңы 2002 жылғы 8 тамыздағы №345 • «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» ҚР Заңы 2009 жылғы 4 желтоқсандағы №214-IV • «Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» ҚР Заңы 2018 жылғы 02 шілдедегі №169-VI • «Білім туралы» ҚР Заңы 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 • Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 1 қазандағы № 525 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың тұжырымдамалық негіздері • «Мәңгілік ел» идеясының жобасы • Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы • Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2015 жылғы 22 сәуірдегі №227 бұйрығы Тәрбиенің Тұжырымдамасы, • Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы. ҚР Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 29 тамызда № 15584 болып тіркелді • «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Қазақстан Республикасының Заңы • Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы; • Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан республикасының заңы 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-v қрз. • Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 19 қаңтардағы № 44 (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 15 ақпанда № 13070 болып тіркелді. («Мемлекеттік білім беру ұйымдары кітапханаларының қорын қалыптастыру, пайдалану және сақтау қағидаларын бекіту туралы») • Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 30 наурыздағы № 117 бұйрығымен бекітілген «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің террористік тұрғыдан осал объектілері мен білім және ғылым саласындағы қызметті жүзеге асыратын террористік тұрғыдан осал объектілерді терроризмге қарсы қорғауды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулығының» 6-тарауы). https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200027414
---------------	--

II. Ғылыми-әдістемелік және ақпараттық қамтамасыз ету

Негізі	Ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету – тәрбие жұмысын ұйымдастыру бойынша оқу әдістемелік құралдар мен ұсыныстар дайындау. Тәрбие жұмысын ұйымдастыру бойынша озық тәжірибелерді, креативті ойлар мен авторлық бағдарламаларды зерттеу, талдау және енгізу.
---------------	--

**2024-2025 оқу жылына арналған дәстүрлі тәрбие жұмысының жылдық
ЦИКЛОГРАММАСЫ**

Мерзімі	Тақырыбы
Қыркүйек	1-қыркүйек білім күні
	Тіл мерекесі
	Жолда жүру ережесі айлығы
	Интеллектуалдық тәрбие, ақпараттық мәдениет айлығы
	Сынып сағаттары
Қазан	Ұстаздар күні
	Қарттар күні
	Алтын күз
	Еңбек экономикалық және экологиялық айлығы
	Сынып сағаттары
Қараша	Дене тәрбиесі салауатты өмір салты айлығы
	Күзгі каникул
	Сынып сағаттары
	Құстарды қорғау айлығы
	25 қазан -Тәуелсіздік күні

Желтоқсан	Қысқы каникул
	Сынып сағаттары
Қаңтар	«Жас Ұлан» ұйымына қабылдау
	Рухани-танымдық тәрбие айлығы
	«Жыл сынып жетекші – 2024» байқауы
Ақпан	Ж.Жабаев, І.Жансүгіров, М.Мақатаев, С.Иманасов оқулары
	15 ақпан – Ауғанстан жерінен жауынгерлерді шығару күні
	Көп мәдениетті және көркем эстетикалық айлығы
	Сынып сағаттары
Наурыз	1 наурыз Алғыс айту күні
	8 наурыз – Халықаралық аналар мерекесі
	Ұлттық тәрбие айлығы
	22 наурыз – Наурыз мейрамы
	Мағжан Жұмабаев оқулары
	Көктемгі каникул
Сәуір	Абай, Шәкәрім оқулары
	«Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие айлығы» «Сарбаз – 2024»
	Полиция жас көмекшілері – 2024 жыл

	Сынып сағаттары
Мамыр	1 мамыр халықаралық бірлік мерекесі
	«Жас Ұлан», «Жас Қыран» ұйымына қабылдау
	7 мамыр – Отан қорғаушылар күні
	Отбасы айлығы – Отбасы күні
	Денсаулық фестивалі
	Соңғы қоңырау салтанатты мерекесі.
	31 мамыр – Қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні
	1 – маусым Халықаралық балаларды қорғау күні
Маусым	4 маусым – ҚР рәміздері күні
	Мектеп бітіру кеші
	Тәрбие жұмысының жылдық қортындысы
	Мектеп жанындағы жазғы сауықтыру алаңының ашылуы.
Шілде	6 шілде – Астана күні.
Тамыз	30 тамыз – Конституция күні.
	Тәрбие жұмысының келесі оқу жылына жоспарлау
	«Мектепке жол» қайырымдылық акциясы

МЕКТЕПТЕГІ ТӘРБИЕ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ БОЙЫНША АПТАЛЫҚ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Күні	1 апта	2 апта	3 апта	4 апта
Дүйсенбі	Хабарламалар Сынып сағаттары Оқушылардың оқу- құралдарын, сырт бейнесі, мектеп ережесінің сақталуы	Хабарламалар Сынып сағаттары Оқушылардың оқу- құралдарын, сырт бейнесі, мектеп ережесінің сақталуы	Хабарламалар Сынып сағаттары Оқушылардың оқу- құралдарын, сырт бейнесі, мектеп ережесінің сақталуы	Хабарламалар Сынып сағаттары Оқушылардың оқу- құралдарын, сырт бейнесі, мектеп ережесінің сақталуы
Сейсенб	Пед консилиум	Мектепшілік ұйымдар жұмысын бақылау	Дарынды балалармен жұмыс	Қиын балалар тәлімгерлерінің есебі
Сәрсенбі	Ашық есік күні, тәрбие сағаттары, қыздар жиналысы	Ашық есік күні, тәрбие сағаттары, ұлдар жиналысы	Ашық есік күні , тәрбие сағаттары, құқықтық кеңес отырысы	Ашық есік күні, тәрбие сағаттары, ата-аналармен жұмыс
Бейсенбі	Сыныптан тыс жұмыстар, кештер, диспуттар, мерекелік іс- шаралар	Оқушылардың ыстық тамақпен қамтамасыз етілуін бақылау	Спорттық жарыстар, кездесулер, апталықтар	Құқықбұзушылықтың алдын алу кеңесінің отырысы, үйірме жұмыстарының жүргізілуін бақылау
Жұма	Мектеп парламенті өзін-өзі басқару ұйымының отырысы	Ата-аналар комитетінің отырысы	Сынып жетекшілер жиналысы	Келесі айға жұмыс жоспарын жасау

ҚЫРКҮЙЕК – СЕРГІТУ СӘТІ (ТОҒЫЗ АЙҒА – 9 ІС-ШАРА)

БІЛІМ АЙЫ

**ҚҰНДЫЛЫҚТАР: «ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ», «АР-ҰЯТ», «ТАЛАП»
«4 ТОҚСАН – 4 ӨНЕР»**

- 1 қыркүйек – «Білім күні»
- Шымкент қалалық прокуратурасымен бірлескен «Мейірім – жүректен» атты айлық (2024ж.)
- 5 қыркүйек- А.Байтұрсынұлының туған күніне арналған «Тілім менің – мақтанышым» айлығы (04.09-29.09.2024ж.)
- Жергілікті жол полиция департаменті өкілдерімен бірлескен «Абайлаңыз балалар!» айлығы
- Шығыс мұсылмандарының рухани тәлімгері және діни жетекшісі, ақын, ойшыл, ғұлама **Қожа Ахмет Ясауидің** туғанына 930 жыл
- Қазақ әдебиетінің XX ғасырдағы жарық жұлдыздарының бірі, жазушы, драматург Жазушы **Оралхан Бөкейдің** туғанына 80 жыл

№	Тәрбие құндылықтары бойынша іс-шара тақырыптары	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
1	«ӨР ТАЛАПТЫ, ОЗЫҚ ОЙЛЫ ҰЛАН» жобасы 1 қыркүйек - білім күні «Мектеп – мейірім мекені» Алғашқы қоңырау салтанатты жиынын өткізу.	Салтанатты жиын Әлеуметтік желіге жариялау ҚББ-ға мәлімет Республикалық челленджі Хэштег: Bilim_quni	ДТІЖО Б.А.Ибрагимов П.И.Садыбекова Педагог-ұйымдастырушы Г.Исакова	қыркүйек
	1-сыныптар: «Мектепке алғашқы қадам»	Сынып сағаты Әлеуметтік желіге жариялау	ДТІЖО Б.А.Ибрагимов П.И.Садыбекова Педагог-ұйымдастырушы Г.Исакова 1- сынып жетекшілері	
	2-4 сыныптары үшін: «Жазғы каникулдан жарқын естелік», «Менің жазғы демалыстағы көңілді сәттерім»	Сынып сағаты Әлеуметтік желіге жариялау	ДТІЖО Б.А.Ибрагимов П.И.Садыбекова Педагог-ұйымдастырушы Г.Исакова 2-4 сынып жетекшілері	
2	«ЖЕТКІНШЕКТІҢ ЖЕТІ ЖАРҒЫСЫ» жобасы	Мемлекеттік тілді оқытудың		қыркүйек

	5 қыркүйек – А.Байтұрсынұлының туған күніне арналған «Тілім менің – мақтанышым» «Ұлы даланың ұлтаралық тілі» мемлекеттік тілді оқытудың озық әдістәсілдерін көрсету ашық тәрбие сабағы. 1-4 сыныптар	озық әдістәсілдерін көрсету Фестиваль Кездесу, дөңгелек үстел, дебат, Тәрбие сағаттары Әлеуметтік желіге жариялау	ДТІЖО Б.А.Ибрагимов П.И.Садыбекова Педагог-ұйымдастырушы Г.Исакова 1-11 Сынып жетекшілер,	
3	«ҰРПАҚҚА АМАНАТ» жобасы «Мейірімділік жүректен» Жалпы мектепшілік ата-аналар жиналысын өткізу күні «Отбасы бақыт мекені» Отбасы күніне орай спорттық эстафета	Әлеуметтік желілерде мейірімділік тақырыбында бір мезгілде түрлі жарияланымдар беру	ДТІЖО Б.А.Ибрагимов П.И.Садыбекова Педагог-ұйымдастырушы Г.Исакова Сынып жетекшілер,	қыркүйек қыркүйек
4	«ҰЛТТЫҚ МЕКТЕП ЛИГАСЫ» жобасы Салауатты өмір салтын насихаттау, «Спорт ойындары күні» спорттық акция 1-4 сыныптар	Эстафеталық ойындар. Тәрбие сағаттары, пікір алмасу Әлеуметтік желіге жариялау	ДТІЖО Б.А.Ибрагимов П.И.Садыбекова Педагог-ұйымдастырушы Г.Исакова Сынып жетекшілер	қыркүйек
5	«ЖЕТКІНШЕКТІҢ ЖЕТІ ЖАРҒЫСЫ» жобасы «Кітапқа жазылмаған тарих» атты Ерлік сабақтары Діни экстремизмнің алдын алу «Имандылық – адамгершілік пен ізгіліктің тірегі»	Тұлғалармен кездесу	ДТІЖО Б.А.Ибрагимов П.И.Садыбекова Педагог-ұйымдастырушы Г.Исакова Сынып жетекшілер	қыркүйек
6	«ӨР ТАЛАПТЫ, ОЗЫҚ ОЙЛЫ ҰЛАН» жобасы «Абайлаңыз, балалар!» «Жолда жүру ережелерін білесің бе?»	тәрбие сағаты Әлеуметтік желіге жариялау	ДТІЖО Б.А.Ибрагимов П.И.Садыбекова Педагог-ұйымдастырушы Г.Исакова 1-4 сынып жетекшілері	қыркүйек.
7	«ЕҢБЕГІ АДАЛ ЖАС ӨРЕН» жобасы 30 қыркүйек – Әділет органдарының күніне орай	Адалдық сағаты,	ДТІЖО Б.А.Ибрагимов	қыркүйек

	«Адалдық – атадан қалған мұра» ұрпақтар сабақтастығын насихаттау, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу		П.И.Садыбекова Педагог-ұйымдастырушы Г.Исакова Сынып жетекшілер	
8	«ЕҢБЕГІ АДАЛ ЖАС ӨРЕН» жобасы «Мейірімділік – асыл қасиет» тақырыбында 2-4 сынып оқушыларымен тәрбие сағаты, сурет көрмесі	Балалардың бір-біріне деген мейірімділігін арттыру, достық, бауырмашылдық қасиеттерін арттыру. Әлеуметтік желілерде бір мезгілде жариялау	ДТІЖО Б.А.Ибрагимов П.И.Садыбекова Педагог-ұйымдастырушы Г.Исакова 2-4 сынып жетекшілері Әлеуметтік педагог педагог-психологтар	қыркүйек

**ҚАЗАН – ӘН ҰРАН АЙТУ (ТОҒЫЗ АЙҒА – 9 ІС-ШАРА)
АЛАШ АЗАМАТТАРЫН ҰЛЫҚТАУ АЙЫ**

ҚҰНДЫЛЫҚТАР: «ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ», «АР-ҰЯТ», «ТАЛАП» «4 ТОҚСАН – 4 ӨНЕР»	
➤ 1 қазан – Қарттар күні ➤ 5 қазан – Мұғалімдер күні ➤ 25 қазан – Республика күні	

№	Тәрбие құндылықтары бойынша іс шара тақырыптары	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
1	«ҰРПАҚҚА АМАНАТ» жобасы 1 қазан – Қарттар күні «Қарттарын қадірлеген ел ардақты»,	Қамқорлық акциясы, кездесу, тәрбие сағаты Әлеуметтік желіде жариялау	ДТІЖО Б.А.Ибрагимов П.И.Садыбекова Педагог-ұйымдастырушы Г.Исакова Әлеуметтік педагог, өзін-өзі басқару ұйымы	қазан
2	«ЖЕТКІНШЕКТІҢ ЖЕТІ ЖАРҒЫСЫ» жобасы «Ұстазым, ұлағатым үлгі-өнегем!» ұстаздарға	Мәдени-мерекелік шаралар, кездесулер, тәрбие	ДТІЖО Б.А.Ибрагимов	қазан

	арналған құттықтау	сағаттары Әлеуметтік желіде жариялау	П.И.Садыбекова Педагог-ұйымдастырушы Г.Исакова Сынып жетекшілер	
3	«ЕҢБЕГІ АДАЛ ЖАС ҰРПАҚ» жобасы Ұлттық мереке 25 қазан – «Республика күні» «Менің Отаным – Қазақстан»	Мәдени-мерекелік шаралар, кездесулер, тәрбие сағаттары Әлеуметтік желіде жариялау	ДТІЖО Б.А.Ибрагимов П.И.Садыбекова Педагог-ұйымдастырушы Г.Исакова Сынып жетекшілер	қазан
4	Салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында спорттық жарыстар	Әлеуметтік желілерде жариялау	ДТІЖО Б.А.Ибрагимов П.И.Садыбекова Педагог-ұйымдастырушы Г.Исакова Сынып жетекшілер	қазан
5	«ЕҢБЕГІ АДАЛ ЖАС ҰРПАҚ» жобасы «Алтын күз» мерекелік іс-шарасын ұйымдастыру	Берекелі алтын күздің сұлулы Тәрбие сағаты, байқау ұйымдастыру Әлеуметтік желіге жариялау	ДТІЖО Б.А.Ибрагимов П.И.Садыбекова Педагог-ұйымдастырушы Г.Исакова Сынып жетекшілер	қазан

ҚАРАША – АСЫҚ АТУ (ТОҒЫЗ АЙҒА – 9 ІС-ШАРА)

ПОЭЗИЯ АЙЫ

**ҚҰНДЫЛЫҚТАР: «ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ», «АР-ҰЯТ», «ТАЛАП»
«4 ТОҚСАН – 4 ӨНЕР»**

- 15 қараша – Ұлттық валюта күні
- Күзгі демалыс

№	Тәрбие құндылықтары бойынша іс шара тақырыптары	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
1	«ҰРПАҚҚА АМАНАТ» жобасы «Мейірімділік отбасынан басталады» Сынып сағаты	Видеороликтерді әлеуметтік желілерге жариялау	Сынып жетекшілер	қараша
2	«ЕҢБЕГІ АДАЛ ЖАС ӨРЕН» жобасы Ата-аналармен сынып сағаты. «Мейірімділікті өзіңнен баста!».	Әр сыныпқа ата-аналар шақырылып, мейірімділік тақырыбында әңгіме жүргізіледі. Оқушылардың алған әсері туралы әлеуметтік желілерде жариялау.	ДТІЖО Б.А.Ибрагимов П.И.Садыбекова Сынып жетекші,	қараша
3	«ЕҢБЕГІ АДАЛ ЖАС ӨРЕН» жобасы «Оян, ар мен адалдық» 1-4 сыныптар; 5-11 сыныптар	Сынып сағатының жоспары Ашық сабақтар	ДТІЖО Б.А.Ибрагимов П.И.Садыбекова Сынып жетекші,	қараша
4	«ЖЕТКІНШЕКТІҢ ЖЕТІ ЖАРҒЫСЫ» жобасы 1. «Кибербуллинг құрбаны» тақырыбында Ювеналдық полиция қызметкерлерінің оқушыларымен кездесуі. 2. Сынып сағатында тақырыпқа байланысты тележобалар мен деректі фильмдерді көрсету, талқылау.	Интернет ресурстарындағы шектеу қойылған сайттардың зияндылығы туралы түсіндіру. Әлеуметтік желілерде жариялау.	ДТІЖО Б.А.Ибрагимов П.И.Садыбекова Сынып жетекшілері	қараша
5		Қазақ халқының ұлттық ойындарын жаңғырту, насихаттау. Ұлттық құндылықтарды қастерлеу. Әлеуметтік	ДТІЖО Б.А.Ибрагимов П.И.Садыбекова	қараша

	«Асық ату» челленджі	желілерде жариялау. ХЭШТЕГ: #асықату #мояродинаказахстана	Сынып жетекші (куратор)	
--	----------------------	---	----------------------------	--

ЖЕЛТОҚСАН – ШЫҒАРМА ЖАЗУ: БОЛАШАҚҚА ХАТ (ТОҒЫЗ АЙҒА – 9 ІС-ШАРА)
«ҚАЗАҚСТАН – ҰЛЫ ДАЛА ЕЛІ»

ҚҰНДЫЛЫҚТАР: «ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ», «АР-ҰЯТ», «ТАЛАП» «4 ТОҚСАН – 4 ӨНЕР» ➤ 16 -17 желтоқсан – Тәуелсіздіктің 32 жылдығы ➤ 10 желтоқсан – Адам құқығы күні ➤ Жаңа жылды қарсы алу
--

№	Тәрбие құндылықтары бойынша іс-шара тақырыптары	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
1	«ЖЕТКІНШЕКТІҢ ЖЕТІ ЖАРҒЫСЫ» жобасы 1. Тәрбие сағаттар шеруі «Мейірім жүректен бастау алады». 2. Сынып сағатында тақырыпқа байланысты тележобалар мен деректі фильмдерді көрсету, талқылау. 3. «Көк тудың желбірегені» 1-4 сыныптар	Барлық сыныптарда тәрбие сағаттарын өткізу. Әлеуметтік желілерде жариялау	ДТІЖО Б.А.Ибрагимов П.И.Садыбекова Сынып жетекші,	желтоқсан
2	«ҰЛТТЫҚ МЕКТЕП ЛИГАСЫ» жобасы 1. «Жеңісімді, Тәуелсіздікке арнаймын!» спорттық ойын түрлерінен жарыс ұйымдастыру 2. «Ұлттық рух – Тәуелсіздік тірегі»	Спорттық ойын түрлерінен жарыс. Тәрбие сағаты	ДТІЖО Б.А.Ибрагимов П.И.Садыбекова Сынып жетекші,	желтоқсан
3	«ЖЕТКІНШЕКТІҢ ЖЕТІ ЖАРҒЫСЫ» жобасы «Әкенің берген тәрбиесі – балаға өмірлік азық»	1-4 сыныптар Патриоттық тәрбие сағаты, Пікір алмасу	ДТІЖО Б.А.Ибрагимов П.И.Садыбекова Сынып жетекші,	желтоқсан
4	«ОҚУҒА ҚҰШТАР МЕКТЕП» жобасы	Оқырмандармен эссе	ДТІЖО	желтоқсан

	«Мен оқыған кітаптар және менің сүйікті кейіпкерлерім» -4 сыныптар	байқауын ұйымдастыру Әл.жел.жариялау	Б.А.Ибрагимов П.И.Садыбекова Сынып жетекші,	
5	«ӨР ТАЛАПТЫ, ОЗЫҚ ОЙЛЫ ҰЛАН» жобасы «Қош, келдің – Жаңа жыл»	Оқушыларға «Жаңа жыл» мерекесін дәстүрлі емес жолмен мерекені өткізуге	ДТІЖО Б.А.Ибрагимов П.И.Садыбекова Пед.ұйым. Сынып жетекшілері	желтоқсан

ҚАҢТАР – ҚАЗАҚ ЕСЕБІ (ТОҒЫЗ АЙҒА – 9 ІС-ШАРА)

«ҰЛТТЫҚ КОД»

**ҚҰНДЫЛЫҚТАР: «ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ», «АР-ҰЯТ», «ТАЛАП»
«4 ТОҚСАН – 4 ӨНЕР»**

➤ **Қысқы демалыс**

№	Тәрбие құндылықтары бойынша іс шара тақырыптары	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
1	«ӨР ТАЛАПТЫ, ОЗЫҚ ОЙЛЫ ҰЛАН» жобасы «Қыс қызығы» тақырыбында сурет көрмесі,	Қоршаған ортаның сұлулығы мен тазалығын сақтау. Түрлі мамандықтардың ерекшеліктерін түсіндіру.	Эстетика бірлестігі Сынып жетекшілері	қаңтар
3	«ҰРПАҚҚА АМАНАТ» жобасы «Менің айтарым бар»	Мектеп, ата-ана оқушы арасындағы қарым- қатынасты нығайту, ұлттық құндылықтарымызды дәріптеу мақсатында ата- әжелерді қонаққа шақыру	ДТІЖО Б.А.Ибрагимов П.И.Садыбекова Сынып жетекші,	қаңтар
3	«ОҚУҒА ҚҰШТАР МЕКТЕП» жобасы «Мен оқыған бір ертегі,	Оқуды сәнге айналдыру, өмір бойы өзін-өзі жетілдіруге	Мектеп кітапханашысы Сынып жетекшілер	қаңтар

		тәрбиелеу. Акция ұйымдастыру		
5	«ОҚУШЫЛАР АРАСЫНДА ВЕЙП ТҰТЫНУДЫҢ АЛДЫН АЛУ» 3-4 сынып оқушыларының «Электрондық темекінің зияны» презентацияларын қорғау	Әлеуметтік желілердегі және мектептердің ресми сайттарындағы жазбалар	ДТІЖО Б.А.Ибрагимов П.И.Садыбекова Сынып жетекшілер Мектеп медбикесі	қаңтар
6	«БАЛАЛАР-ИНТЕРНЕТ-МЕДИА ҚАУІПСІЗДІК» 1-4 сынып оқушылары арасында «Интернеттегі қауіпсіздік» сынып сағаты, «Қауіпсіз интернет» медиа қауіпсіздік сабақтары »	Әлеуметтік желілердегі және мектептердің ресми сайттарындағы жазбалар	1-4 сынып жетекшілері	қаңтар

АҚПАН – «ОҚУҒА ҚҰШТАР МЕКТЕП» (ТОҒЫЗ АЙҒА – 9 ІС-ШАРА)

«ОҚУҒА ҚҰШТАРЛЫҚ АЙЫ»

ҚҰНДЫЛЫҚТАР: «ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ», «АР-ҰЯТ», «ТАЛАП» «4 ТОҚСАН – 4 ӨНЕР» ➤ 9 ақпан Мұқағали Мақатаевтың туылған күні ➤ 15 ақпан Кеңес әскерлерінің Ауғанстаннан шығарылған күні

№	Тәрбие құндылықтары бойынша іс-шара тақырыптары	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
1	«ОҚУҒА ҚҰШТАР МЕКТЕП» челленджі – барлық білім беру ұйымдарында бір уақытта білім алушылар өздері таңдаған кітабынан үзінді оқиды және басқа қатысушылармен ой бөліседі	«ОҚУҒА ҚҰШТАР МЕКТЕП» челленджі Әлеуметтік желіге жариялау #оқуғақұштармектеп, #люблючитать, #моялюбимаякнига	ДТІЖО Б.А.Ибрагимов П.И.Садыбекова Мектеп кітапханашысы З.Медетбек Дебатқа жауапты маман Е.Бекетаев	ақпан
2	«ЖЕТКІНШЕКТІҢ ЖЕТІ ЖАРҒЫСЫ» жобасы	Оқушылардың НҚА	ДТІЖО	ақпан

	1. Құқықтық сауаттылық күні 2. Оқушылар арасында құқықбұзушылыққа қатысты нормативтік құқықтық актілерді үздік меңгеру. Сынып сағатында тақырыпқа байланысты тележобалар мен деректі фильмдерді көрсету, талқылау. 3. Мектептегі «Адал ұрпақ» клубтары туралы Ережені және олардың жұмыс жоспарын әзірлеу.	жатқа білуін қамтамасыз ету, Әлеуметтік желілерде жариялау	Б.А.Ибрагимов П.И.Садыбекова	
3	«ОҚУҒА ҚҰШТАР МЕКТЕП» жобасы 9 ақпан – қазақтың ақиық ақыны Мұқағали Мақатаевтың туған күні. М.Мақатаевтың үздік 9 өлеңі	Қазақ поэзиясында үлкен қолтаңба қалдырған ақынның шығармаларынан байқау ұйымдастыру. Тәрбие сағаты Әлеуметтік желіге жариялау	Қазақ тілі мен әдебиеті ӘБ Сынып жетекшілері	ақпан
4	«ҰРПАҚА АМАНАТ» жобасы 15 ақпан – Кеңес әскерлерінің Ауғанстаннан шығарылған күні «Ауған соғысының жаңғырығы» ардагерлер мен кездесу, тәрбие сағаттары, бейнероликтер	Ауған соғысы ардагерлерімен кездесу ұйымдастыру, тәрбие сағаты, бейнероликтер жасау Әлеуметтік желіге жариялау	ДТІЖО Б.А.Ибрагимов П.И.Садыбекова, Педагог ұйымдастырушы Г.Исакова Сынып жетекшілер	ақпан
5	«Өр талапты, озық ойлы Ұлан» жобасы «Жігіт сұлтаны -2025» байқауын ұйымдастыру.		ДТІЖО Б.А.Ибрагимов П.И.Садыбекова Педагог ұйымдастырушы Г.Исакова Сынып жетекшілер	ақпан
6	«ЖЕТКІНШЕКТІҢ ЖЕТІ ЖАРҒЫСЫ» жобасы 1. Құқық қорғау және әскери қызметкерлермен кездесу күні. «ұранды елдің – ұрпағы қайсар»	Патриоттық тәрбие. Әлеуметтік желілерде	ДТІЖО Б.А.Ибрагимов	ақпан

	«Мен-Отан қорғаушымын!» сынып сағаты 2. Балалардың ақпараттық қауіпсіздігін және цифрлық сауаттылығын қамтамасыз ету. Кибербуллинг туралы ескерту. (5-11 сыныптар)	жариялау	П.И.Садыбекова Педагог ұйымдастырушы Г.Исакова Сынып жетекшілер	
7	«ЕҢБЕГІ АДАЛ ЖАС ӨРЕН» жобасы Еңбек ардагерлерінің үйіне барып қайырымдылық акцияларын ұйымдастыру	Қайырымдылық акциялары	ДТІЖО Б.А.Ибрагимов П.И.Садыбекова Педагог ұйымдастырушы Г.Исакова Сынып жетекшілер	ақпан
8	«БАЛАЛАР-ИНТЕРНЕТ-МЕДИА ҚАУІПСІЗДІК» «Балалардың көзімен қауіпсіз компьютер», «Интернет желісіндегі бот бағдарламалардың болуының әлеуметтік салдары», «Интернет желісінде жасөспірімдердің алаяқтық мәселелері», «Компьютер және балалардың денсаулығы», «Нейрокомпьютер және оларды қолданудың: зияны мен пайдасы», «Компьютердің адамға әсері»	1-4 сынып оқушылары үшін ғылыми жобалар мен зерттеу жұмыстарының конкурсы. Марапаттау рәсімі	Мектеп психологтары А.Базарбаева А.Жоланова Сынып жетекшілері	ақпан
9	«ОҚУШЫЛАР АРАСЫНДА ВЕЙП ТҰТЫНУДЫҢ АЛДЫН АЛУ» «Вейптерден бастартудың 10 себебі», «Темекі шегу туралы сенімді фактілер», «Бір тартып көрудің салдары»	Оқушылар мен олардың ата-аналарына арналған жадынамалар мен буклеттер шығарылымы	ДТІЖО Б.А.Ибрагимов П.И.Садыбекова Химия-биология бірлестігі	ақпан

**НАУРЫЗ – «ДОМБЫРАШЫЛАР» (ТОҒЫЗ АЙҒА – 9 ІС-ШАРА)
«ҰЛТТЫҚ САЛТ-ДӘСТҮРДІ ДӘРІПТЕУ»**

**ҚҰНДЫЛЫҚТАР: «ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ», «АР-ҰЯТ», «ТАЛАП»
«4 ТОҚСАН – 4 ӨНЕР»**

- 1 наурыз – Алғыс айту күні
- 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні
- 21, 22, 23 наурыз – Наурыз мейрамы
- 27 наурыз – Дүниежүзілік театр күні

№	Тәрбие құндылықтары бойынша іс-шара тақырыптары	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
1	«ӨР ТАЛАПТЫ, ОЗЫҚ ОЙЛЫ ҰЛАН» жобасы 1 наурыз «Алғыс айту» күні «Алғыс айту мен алғыс алу керектігінің мәні»	Тәрбие сағаты, дөңгелек үстел. Әлеуметтік желіге жариялау	1-11 сынып жетекшілері	наурыз
2	«ЖЕТКІНШЕКТІҢ ЖЕТІ ЖАРҒЫСЫ» жобасы Қауіп-қатерлер орын алған жағдайда, оның зардаптарынан, басқа төтенше жағдайлардан қорғану құқығын түсіндіру. 1 наурыз – Дүниежүзілік Азаматтық қорғаныс күні.	Сейсможаттығулар. Әлеуметтік желіге жариялау.	ДТЖО Б.А.Ибрагимов П.И.Садыбекова АӘД пәні мұғалімі Ж.Сыдыков 1-11 сынып жетекшілері	наурыз
3	«ҰРПАҚҚА АМАНАТ» жобасы Қыздарымызғы тән сұлулық, ибалылық, рухани байлық, ар тазалығы туралы құндылықтарды сіңіру. «Әлемнің жарығын, сыйладың сен маған..», «Ана – гүл, Ана – жыр, Ана – өмір шуағы » 8 наурыз мерекелік кеш «Бұрымды бойжеткен» байқауы	Ата-аналар қауымымен тығыз қарым-қатынас қалыптастыру. Концерттік бағдарлама, тәрбие сағаты. Әлеуметтік желіге жариялау.	ДТЖО Б.А.Ибрагимов П.И.Садыбекова Педагог-ұйымдастырушы Г.Исакова Өзін-өзі басқару ұйымы 1-4 сынып жетекшілері	наурыз
4	«ОҚУҒА ҚҰШТАР МЕКТЕП» жобасы «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Достық, мейірімділік» тақырыбындағы үздік кітап оқушы сайысын өткізу күні	Оқушылардың кітап оқуға деген құштарлығын арттыру, әлеуметтік желілерде жариялау	Мектеп кітапханашысы З.Медетбек Сынып жетекшілері	наурыз

5	«ҰРПАҚҚА АМАНАТ» жобасы «Домбырашылар» байқауын ұйымдастыру «Үкілі домбыра»	Күй өнері, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан ұлтымыздың рухани құндылығы. Әлеуметтік желілерде жариялау	ДТІЖО Б.А.Ибрагимов П.И.Садыбекова Педагог- ұйымдастырушы Г.Исакова Өзін-өзі басқару ұйымы 1-11 сынып жетекшілері	наурыз
6	«ҰРПАҚҚА АМАНАТ» жобасы «Армысың, Әз-Наурыз!» оқушылар арасында мерекелік іс-шара ұйымдастыру. - Салт-дәстүрлер - Ұлттық ойындар	Халқымыздың салт-дәстүрлерін қастерлеуге, сақтауға тәрбиелеу. Әлеуметтік желіге жариялау	ДТІЖО Б.А.Ибрагимов П.И.Садыбекова Педагог- ұйымдастырушы Г.Исакова	наурыз
7	«ҰЛТТЫҚ МЕКТЕП ЛИГАСЫ» жобасы Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың қатысуымен «Көңілді старттар» спорттық іс-шараларын ұйымдастыру және өткізу. 4- сыныптар	Салауатты өмір салтын қалыптастыру. Жарыстар ұйымдастыру Әлеуметтік желіге жариялау	ДТІЖО Б.А.Ибрагимов П.И.Садыбекова Педагог- ұйымдастырушы Г.Исакова Сынып жетекші,	наурыз
8	«ОҚУШЫЛАР АРАСЫНДА ВЕЙП ТҰТЫНУДЫҢ АЛДЫН АЛУ» 1-4 сынып оқушылары үшін бірыңғай ата-аналар жиналысын өткізу	Тұжырымдама	ДТІЖО Б.А.Ибрагимов П.И.Садыбекова Ата-аналар комитеті	наурыз

**СӘУІР– ШАХМАТ ОЙНАУ (ТОҒЫЗ АЙҒА – 9 ІС-ШАРА)
ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТ**

**ҚҰНДЫЛЫҚТАР: «ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ», «АР-ҰЯТ», «ТАЛАП»
«4 ТОҚСАН – 4 ӨНЕР»**

➤ 12 сәуір -- Ғылым күні

№	Тәрбие құндылықтары бойынша іс шара тақырыптары	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
1	«ҰРПАҚҚА АМАНАТ» жобасы Ғылыми жаңалықтардың маңызын түсіне білу қабілеттерін дамыту. 12 сәуір «Ғарышкерлер күні»	Суреттер көрмесі. Әлеуметтік желіге жариялау	ДТІЖО Б.А.Ибрагимов П.И.Садыбекова Эстетика пән бірлестігі	сәуір
3	«ҰРПАҚҚА АМАНАТ» жобасы «Әкелер күні» Халықаралық мерекесі шеңберінде «Менің әкем – жақсы адам»	Ұлттық салт-дәстүрімізге байланысты әке орнының ерекше екендігін ұғындыру.	ДТІЖО Б.А.Ибрагимов П.И.Садыбекова Сынып жетекшілер	сәуір
4	Оқушыларға дене шынықтыру-сауықтыру экскурсияларын ұйымдастыру. 5-9 сыныптар	Экскурсиялар ұйымдастыру	ДТІЖО Б.А.Ибрагимов П.И.Садыбекова Тарих-география бірлестігі	сәуір
5	«ЕҢБЕГІ АДАЛ ЖАС ӨРЕН» жобасы Еңбек ардагерлерінің қатысуымен спорттық жарыстар ұйымдастыру	Жарыстар ұйымдастыру	ДТІЖО Б.А.Ибрагимов П.И.Садыбекова Сынып жетекшілер	сәуір
6	«ҰРПАҚҚА АМАНАТ» жобасы Жұқпалы аурулардың алдын алу жұмыстары. Вирусты гепатит, Туберкулез, менингит ауруларынан сақтық шаралары.	Түсіндіру жұмыстары, бұрыштар арнау, үнпарақтар тарату. Әлеуметтік желіге жариялау	ДТІЖО Б.А.Ибрагимов П.И.Садыбекова Сынып жетекшілер Медбике	сәуір

**МАМЫР – ЖАСЫЛ МЕКЕН (ТОҒЫЗ АЙҒА – 9 ІС-ШАРА)
БЕЙІТШІЛІК ПЕН ТАТУЛЫҚ АЙЫ**

**ҚҰНДЫЛЫҚТАР: «ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ», «АР-ҰЯТ», «ТАЛАП»
«4 ТОҚСАН – 4 ӨНЕР»**

- 1 мамыр – Қазақстан халықтарының бірлігі күні
- 7 мамыр – Отан қорғаушылар күні
- 9 мамыр – Жеңіс күні
- 31 мамыр Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні
- Ақын, жазушы, философ, тарихшы, композитор Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына 165 жыл

№	Тәрбие құндылықтары бойынша іс шара тақырыптары	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
1	«ҰРПАҚҚА АМАНАТ» жобасы 1 мамыр – Халықаралық бірлік мерекесі «Ұлттар достастығы» мерекесі. Қазақстан Халықтар бірлігі күні екенін оқушыларға жеткізу. Мерекелік концерт, суреттер байқауы, тәрбие сағаттары.	Елімізде тұрып жатқан басқа да халықтардың озық мәдениетін, өзіндік үлгі-өнегесін оқушылардың бойына сіңіру.	1-4 сынып жетекшілері	мамыр
2	«ЖЕТКІНШЕКТІҢ ЖЕТІ ЖАРҒЫСЫ» жобасы 7, 9 мамыр – «Ұлы Жеңіс» күні, «Жеңіс деген шат күлкісі баланың» оқушылардың отанға деген сүйіспеншілігін арттыру. Мерекелік концерт, суреттер байқауы, тәрбие сағаттары.	Ұлы Отан соғысымен, Қазақстандықтардың ерлік істерімен таныстыру. Мерекелік концерт, суреттер байқауы, кітап көрмесі	10- сынып жетекшілері	мамыр
3	«ЖЕТКІНШЕКТІҢ ЖЕТІ ЖАРҒЫСЫ» жобасы «Өзекті өртер шындық» 31 мамыр – Репрессия құрбандарын еске алу күні (ескерткішке гүл шоқтарын қою)	Саясаттың құрбаны болған қазақ халқының зиялыларын еске алу күні.	5-7 сынып жетекшілері	мамыр
4	«ҰРПАҚҚА АМАНАТ» жобасы 15 мамыр - Халықаралық Отбасы күні. «Отбасы айлығы»	Отбасы құндылықтарын сақтауға үйрету. Тәрбие сағаты, дөңгелек үстел, ата-аналар жиналысы	8-9 сынып жетекшілері	мамыр

МАУСЫМ АЙЫ БОЙЫНША

ҚҰНДЫЛЫҚТАР: «ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ», «АР-ҰЯТ», «ТАЛАП» «4 ТОҚСАН – 4 ӨНЕР»			
ДӘСТҮРЛІ ТӘРБИЕЛІК ІС-ШАРАЛАР			
Мерекелік шара	1 – маусым Халықаралық балаларды қорғау күні	ДТІЖО Б.А.Ибрагимов П.И.Садыбекова Сынып жетекшілер	Маусым
Сынып сағаттары	4 маусым – Қазақстан Республикасының рәміздері күні	ДТІЖО, Б.А.Ибрагимов П.И.Садыбекова Сынып жетекшілер	Маусым
Сауықтыру жұмысы	Мектеп жанындағы күндізгі тынығу лагерін ұйымдастыру шараларына басшылық пен бақылау жасау	ДТІЖО Б.А.Ибрагимов П.И.Садыбекова Әлеуметтік педагог, сынып жетекшілер	Маусым-шілде-тамыз
Сауықтыру жұмысы	«Менің отаным – Қазақстан» туристік экспедициялық жасақтары слеті, жас өлкетанушылар, экологтар және натуралистердің «Табиғатты аяла» форумы,	ДТІЖО Б.А.Ибрагимов П.И.Садыбекова сынып жетекшілер	Маусым-шілде-тамыз

**«Біртұтас тәрбие» бағдарламасын іске асыру бойынша
2024-2025 оқу жылына арналған
1-4 сыныптарының тәрбие жоспары**

Жоспар негізі: Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрлігінің «Білім беру ұйымдарында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын бекіту туралы» 2024 жылғы 30 шілдедегі № 194 бұйрығының 2-қосымшасы

«БІРТҰТАС ТӘРБИЕ БАҒДАРЛАМАСЫ»

БАҒДАРЛАМАНЫҢ МАҚСАТЫ:

- Қазақстандық мәдениет құндылықтары негізінде азаматтық жауапкершілік пен патриотизм, парасаттылық пен адалдық, ар-ұждан, рухани-адамгершілік қасиеттерін бойына сіңірген, үйлесімді дамыған тұлға қалыптастыру.

БАҒДАРЛАМАНЫҢ МІНДЕТТЕРІ:

- **Рухани-адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу:**

отанға, өз халқына, оның тарихы мен мәдениетіне деген сүйіспеншілікті қалыптастыру;

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге тәрбиелеу;

адалдық, әділдік, мейірімділік, ар-ұят пен қамқорлық, қайырымдылық және басқа да адамдық қасиеттерді дамыту;

табиғатқа және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарауға тәрбиел

- **Азаматтық жауапкершілік пен патриотизмді дамыту:**

елінің жетістіктері үшін мақтаныш сезімін ұялату;

отбасы, қоғам және мемлекет алдындағы өз міндеттеріне саналы көзқарас қалыптастыру;

өз құқығы мен бостандығы, сондай-ақ басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға дайын болуға баулу;

әлеуметтік маңызы бар қызметке белсенді қатысуға тәрбиелеу.

- **Парасаттылық пен адалдықты қалыптастыру:**

басқалармен қарым-қатынаста адал әрі әділ болуға және әдептілік нормаларын ұстануға тәрбиелеу;

өз іс-әрекеттері мен сөздері үшін жауапкершілікті түсінуге тәрбиелеу;

еңбексүйгіштік пен өзін-өзі жетілдіруге деген ұмтылысын қалыптастыру;

біреудің еңбегі мен мүлкін құрметтеуге тәрбиелеу.

- **Білім алушының жеке басының үйлесімді дамуы үшін жағдай жасау:**

әрбір білім алушыны тәрбиелеу мен оқытуда даралау мен саралау тәсілдемелерін қамтамасыз ету;

білім беру ортасында жағымды психологиялық-педагогикалық ахуал қалыптастыру.

- **Бағдарлама мазмұны:**

Білім алушылардың бойында құндылықтарды дамыту білім беру ұйымдарының оқу-тәрбие процесі жағдайында жүйелі ұйымдастырылады. Бұл міндетті іске асыру білім беру мазмұны, сынып сағаттары мен сыныптан тыс іс-шаралары арқылы жүзеге асырылады.

Ай сайын өткізілетін тұрақты іс-шаралар білім алушылардың біртұтас тұлғасын қалыптастыруға бағытталуы тиіс:

Қыркүйек – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;

Қазан айы – тәуелсіздік және отаншылдық айы;
Қараша айы – әділдік және жауапкершілік айы;
Желтоқсан – бірлік және ынтымақ айы;
Қаңтар – заң және тәртіп айы;
Ақпан – жасампаздық және жаңашылдық айы;
Наурыз – тәуелсіздік және отаншылдық айы;
Сәуір – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;
Мамыр – бірлік және ынтымақ айы.

• **Бағдарламаның күтілетін нәтижелері:**

Бағдарламаны дәйекті және кешенді іске асыру нәтижесінде білім берудің барлық деңгейіндегі ұйым түлектерінің бойында құндылықтар мен негізгі құзыреттері қалыптастыру және дамыту күтіледі:

✓ **Құндылық: тәуелсіздік және отаншылдық**

Құзыреттілік: ұлттық мүддені дамыту

Бастауыш мектеп түлегі:

мемлекеттік тілді білу және құрметтеу;
мемлекеттік рәміздерге құрмет көрсету және өз еліне сүйіспеншілік таныту;
дәстүрлерді сақтау және құрметтеу;
отбасының құндылығын түсіну;
тарихи және мәдени мұраны зерттеуге қызығушылық таныту;
қоршаған ортаға қамқорлық жасау.

✓ **Құндылық: бірлік және ынтымақ**

Құзыреттілік: тиімді коммуникация

Бастауыш мектеп түлегі:

командада жұмыс істеу, бір-бірін тыңдау және ортақ мақсатқа жетуде бірлесіп әрекет ету;
өз ісіне мұқият болу және басқаларға көмек көрсету;
басқаларға құрмет көрсету және олардың ерекшелігіне төзімді болу;
бірлескен жетістіктерге ұмтылу және ұжымдық күш жігерді ынталандыру;
тапсырмаларды орындауда және мәселелерді шешуде бір-біріне көмектесу.

✓ **Құндылық: әділдік және жауапкершілік**

Құзыреттілік: қоғамға қызмет

Бастауыш мектеп түлегі:

шындықты айту;
достыққа адал болу;

жақсылық пен жамандықты, әділдік және әділетсіздікті ажырата білу;
өз міндеттеріне жауапкершілікпен қарау;
заттар мен мүлікті ұқыпты ұстау.

✓ **Құндылық: заң және тәртіп**

Құзыреттілік: азаматтық борыш және парасаттылық

Бастауыш мектеп түлегі:

өз құқықтары мен міндеттерін білу, әдеп нормаларын ұстану, сыныптағы және мектептегі мінез-құлық ережелерін сақтау;
қауіпсіздік ережелерін, оның ішінде жол қозғалысы ережелерін білу және сақтау;
педагогтерге немесе ата-аналарға проблеманың алдын алу және шешу үшін шаралар қабылдауда көрген немесе білетін қауіптер туралы хабарлау;
кемсітушілік пен қудалаудың кез-келген түрінен аулақ бола отырып, педагогтердің, сыныптастарының құқықтары мен қадір-қасиетін құрметтеу.

✓ **Құндылық: еңбекқорлық және кәсіби біліктілік**

Құзыреттілік: инновациялық ойлау

Бастауыш мектеп түлегі:

мамандықтың ерекшеліктерін білу және адамдардың еңбегін құрметтеу;
өз-өзіне қызмет ету және өзін-өзі ұйымдастыру дағдыларын қолдану;
отбасында және оқуда қажетті жұмыстарды жүйелі түрде тәртіпті және сапалы орындау;
нәтижеге жету мақсатын белгілеу және оны іске асыруды жоспарлау, ұйымдастыру және оған қол жеткізуге ұмтылу;
өз білімі мен дағдыларын дамыту үшін тыңғылықты жұмыс істеу.

✓ **Құндылық: жасампаздық және жанашылдық**

Құзыреттілік: шығармашылық

Бастауыш мектеп түлегі:

қоршаған әлемді зерттеу, сұрақтар қою, эксперименттер жүргізу және алынған мәліметтер негізінде қорытынды жасай алу;
жаңа идеяларды қалыптастыру, мәселелердің стандартты емес шешімдерін көру және оларды іс жүзінде қолдана алу;
инновациялық идеяларды жүзеге асыруға ықпал ететін компьютермен жұмыс істеу негіздерін және басқа да технологиялық дағдыларды меңгеру;
жаңа тәсілдер мен технологияларды қолдануды талап ететін балалар жобаларына қатысуға дайын болу;
өз әрекеттерінің қоршаған әлем үшін маңыздылығы мен салдарын түсіну.

Әр айдың іс-шаралары :

күнделікті

- «Менің Қазақстаным» – оқу аптасының басында бірінші сабақта білім алушылар Қазақстан Республикасының Әнұранын орындайды.
- «Апта дәйексөздері» – бүкіл білім беру ұйымның оқу және оқудан тыс іс-әрекетінің лейтмотиві ретінде қызмет ететін мақал-мәтелдер, халық даналығы, көрнекті тұлғалардың ұлағатты сөздері. Аптаның дәйексөздері ақпараттық стендтерде, Led-экрандарда, сынып тақталарында және т.б. орналастырылады.
- «Қауіпсіздік сабағы» – жол қозғалысы ережелерін, өмір қауіпсіздігі негіздерін зерделеу, білім алушылардың жеке қауіпсіздігін, қауіпсіз мінез-құлқын және т.б. сақтауы туралы сынып сағаты шеңберінде 10 минут ақпарат беру немесе әңгіме өткізу.
- «Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» – үзіліс кезінде білім алушылардың бос уақытын ойын түрінде ұйымдастыру – асық, тоғызқұмалақ, бес тас және т.б.
- «Өнегелі 15 минут» – ата-аналардың баласымен мінезқұлық және адамгершілік туралы күнделікті 15 минут жеке әңгімелесуі.
- «Үнемді тұтыну» – суды, тамақты, энергияны тұтыну бойынша күнделікті табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру: жадынамалар, нұсқаулықтар мен парақшалар әзірлеу.
- «Күй күмбірі» – қоңыраудың орнына күйді пайдалану, сондай-ақ үлкен үзіліс кезінде күй тыңдау апта сайын.

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасын іске асыру бойынша 2024-2025 оқу жылына арналған 5-8 сыныптарының тәрбие жоспары

Жоспар негізі: Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрлігінің «Білім беру ұйымдарында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын бекіту туралы» 2024 жылғы 30 шілдедегі № 194 бұйрығының 2-қосымшасы

«БІРТҰТАС ТӘРБИЕ БАҒДАРЛАМАСЫ»

Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайдың «Әділетті Қазақстан – Адал азамат» атты екінші отырысындағы тапсырмасына сәйкес 2023 жылы «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы әзірленіп, барлық білім беру ұйымдарына енгізілді.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ. Тоқаев 2024 жылы Ұлттық құрылтайдың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты үшінші отырысындағы тапсырмасына сәйкес Біртұтас тәрбие бағдарламасының мазмұны жаңартылды.

Еліміздің болашақтағы негізгі сұлбасын «Әділетті Қазақстан – Адал азамат – Озық ойлы ұлт» деген үштаған ұғым арқылы сипаттады. Үштаған – бір-бірінен бастау алатын және өзара тығыз байланысты ұғымдар, ел ішінде заң мен тәртіпті қатаң сақтауды қамтамасыз етуді саясатымыздың тұғырлы қағидатына айналдыратын мықты демократиялық институттары мен дамыған құқықтық жүйесі бар әділетті мемлекетті құрудың шарты және еліміздің жаңғыруы мен әрі қарай дамуының стратегиялық бағдарын айқындайды. Бұл «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының басты идеясына айналды.

- **Бағдарламаның мақсаты:**

қазақстандық мәдениет құндылықтары негізінде азаматтық жауапкершілік пен патриотизм, парасаттылық пен адалдық, ар-ұждан, рухани-адамгершілік қасиеттерін бойына сіңірген, үйлесімді дамыған тұлға қалыптастыру.

- **Бағдарламаның міндеттері:**

- ✓ **Рухани-адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу:**

отанға, өз халқына, оның тарихы мен мәдениетіне деген сүйіспеншілікті қалыптастыру;
Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге тәрбиелеу;
адалдық, әділдік, мейірімділік, ар-ұят пен қамқорлық, қайырымдылық және басқа да адамдық қасиеттерді дамыту;
табиғатқа және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу.

- ✓ **Азаматтық жауапкершілік пен патриотизмді дамыту:**

елінің жетістіктері үшін мақтаныш сезімін ұялату;
отбасы, қоғам және мемлекет алдындағы өз міндеттеріне саналы көзқарас қалыптастыру;
өз құқығы мен бостандығы, сондай-ақ басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға дайын болуға баулу;
әлеуметтік маңызы бар қызметке белсенді қатысуға тәрбиелеу.

- ✓ **Парасаттылық пен адалдықты қалыптастыру:**

басқалармен қарым-қатынаста адал әрі әділ болуға және әдептілік нормаларын ұстануға тәрбиелеу;
өз іс-әрекеттері мен сөздері үшін жауапкершілікті түсінуге тәрбиелеу;
еңбексүйгіштік пен өзін-өзі жетілдіруге деген ұмтылысын қалыптастыру;
біреудің еңбегі мен мүлкін құрметтеуге тәрбиелеу.

- ✓ **Білім алушының жеке басының үйлесімді дамуы үшін жағдай жасау:**

әрбір білім алушыны тәрбиелеу мен оқытуда даралау мен саралау тәсілдемелерін қамтамасыз ету;
білім беру ортасында жағымды психологиялық-педагогикалық ахуал қалыптастыру.

- **Бағдарлама мазмұны:**

Білім алушылардың бойында құндылықтарды дамыту білім беру ұйымдарының оқу-тәрбие процесі жағдайында жүйелі ұйымдастырылады. Бұл міндетті іске асыру білім беру мазмұны, сынып сағаттары мен сыныптан тыс іс-шаралары арқылы жүзеге асырылады.

Ай сайын өткізілетін тұрақты іс-шаралар білім алушылардың біртұтас тұлғасын қалыптастыруға бағытталуы тиіс:

Қыркүйек – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;

Қазан айы – тәуелсіздік және отаншылдық айы;

Қараша айы – әділдік және жауапкершілік айы;

Желтоқсан – бірлік және ынтымақ айы;

Қаңтар – заң және тәртіп айы;

Ақпан – жасампаздық және жаңашылдық айы;

Наурыз – тәуелсіздік және отаншылдық айы;

Сәуір – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;

Мамыр – бірлік және ынтымақ айы.

- **Бағдарламаның күтілетін нәтижелері:**

Бағдарламаны дәйекті және кешенді іске асыру нәтижесінде білім берудің барлық деңгейіндегі ұйым түлектерінің бойында құндылықтар мен негізгі құзыреттері қалыптастыру және дамыту күтіледі:

- ✓ **Құндылық: тәуелсіздік және отаншылдық**

Құзыреттілік: ұлттық мүддені дамыту

Негізгі орта мектеп түлегі:

Қазақстанның тарихын, мәдениеті мен дәстүрлерін, оның тәуелсіздігін және оны сақтаудың маңыздылығын түсіну;

Қазақстанның тарихы мен мәдениетіне құрмет көрсету;

Қазақстанның мемлекеттік рәміздеріне, ұлттық мерекелерге құрмет көрсету;

азаматтық және ұлттық бірегейлікті түсіну;

мемлекеттік тілді меңгеру;

Қазақстанның мәдени мұрасын сақтау және оны әрі қарай дәріптеу бойынша волонтерлік қызмет пен жобаларға қатысу;

әр түрлі ұлт өкілдерімен сыйластық қарым-қатынас;

Қазақстан азаматының міндеттерін орындауға, өз елінің мүдделері мен құндылықтарын қорғауға дайын болу.

- ✓ **Құндылық: бірлік және ынтымақ**

Құзыреттілік: тиімді коммуникация

Негізгі орта мектеп түлегі:

қоғамдағы әлеуметтік нормаларды, ережелерді білу және түсіну;

сенімді қарым-қатынас орнату және сыныпта жағымды ахуалды сақтай білу;

тек өзі үшін ғана емес, жалпы ұжым үшін де жауапты болуға дайын болу;

бірлескен іс-әрекет пен өзара іс-әрекет кезінде басқалардың пікірлері мен сезімдерін құрметтей білу;

басқалармен жағымды қарым-қатынас орната білу және қоғамдық өмірге үлес қосу.

- ✓ **Құндылық: әділдік және жауапкершілік**

Құзыреттілік: қоғамға қызмет

Негізгі орта мектеп түлегі:

өз әрекетін жоспарлау және ұйымдастыру;

әдеп нормасына сәйкес өзінің және басқалардың іс әрекеттерін талдау;

оқу тапсырмасын орындауда табандылық таныту;

берілген ортақ іс үшін ұжым алдындағы жауапкершілікті түсіну;

басқаға көмектесуге, мейірімділік танытуға дайын болу;

✓ **Құндылық: заң және тәртіп**

Құзыреттілік: азаматтық борыш және парасаттылық

Негізгі орта мектеп түлегі:

құқықтық жүйе мен адам құқығы негіздерін білу;

тәртіп пен әділдік, нормалар мен ережелерді сақтау қажеттілігін түсіну;

қоғамды қорғау мен қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі заң мен тәртіптің маңыздылығын білу.

✓ **Құндылық: еңбекқорлық және кәсіби біліктілік**

Құзыреттілік: инновациялық ойлау

Негізгі орта мектеп түлегі:

өзінің және басқалардың еңбегінің нәтижелерін бағалау;

түрлі мамандықтар мен олардың қызмет ерекшеліктерін зерттеуге қызығушылық таныту;

өз уақытын тиімді жоспарлай білу және кез келген қызметтің нәтижелеріне қол жеткізу үшін күш салу;

еңбек қоғамдық және табысты болудың негізі екенін түсіну;

жеке мүдделерді, қажеттіліктерді ескере отырып, білім мен өмірлік жоспарлардың жеке траекториясын саналы түрде таңдауға және құруға дайын болу.

✓ **Құндылық: жасампаздық және жанашылдық**

Құзыреттілік: шығармашылық

Негізгі орта мектеп түлегі:

тапсырмаларға шығармашылықпен қарай білу, өз шешімдерімен идеяларын ұсына білу;

өз бетінше әрекет ету және жобаларды іске асыру;

бақылау, өлшеу, эксперименттер мен тәжірибелер жүргізу;

модельдеу, таным объектілерінің құрылымын анықтау, бір бүтіннің әртүрлі бөліктері арасындағы

қатынастарды іздеу және бөлу, процестерді кезеңдерге бөлу, себеп-салдарлық байланыстарды анықтай алу;

оқу есептерін шешудің оңтайлы тәсілдерін табу, олу үшін жаңаларын қолдану және бұрыннан

таныс алгоритмдерді біріктіру, оларды стандартты емес есептерді шешуге қолдана алу;

әртүрлі таным құралдарын қолданудағыдылары, әлем туралы білім жинақтау (тілдік, оқырмандық

мәдениет, ақпараттық, цифрлық ортадағы қызмет).

Әр айдың іс-шаралары :

күнделікті

- «Менің Қазақстаным» – оқу аптасының басында бірінші сабақта білім алушылар Қазақстан Республикасының Әнұранын орындайды
- «Апта дәйексөздері» – бүкіл білім беру ұйымның оқу және оқудан тыс іс-әрекетінің лейтмотиві ретінде қызмет ететін мақал-мәтелдер, халық даналығы, көрнекті тұлғалардың ұлағатты сөздері. Аптаның дәйексөздері ақпараттық стендтерде, Led-экрандарда, сынып тақталарында және т.б. орналастырылады.
